

FTAMP/ SRSTI/ ГРНТИ 21.15.47

<https://orcid.org/0009-0009-6939-4590>

email: eraltai420@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

email: qydyr.torali@gmail.com

«АСХАБ ӘЛ-КАҺФ» КОНЦЕПТІСІНЕ УАҚЫТ ЖӘНЕ ОРЫН ТҰРҒЫСЫНАН ИСЛАМТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Еркінбек Дәкен

PhD докторант,

Нұр-Мұбарак Египет ислам

мәдениеті университеті,

Алматы қ., Қазақстан

Төрәлі Қыдыр

Филология ғылымдарының

кандидаты, доцент,

Ислам ғылыми-зерттеу институтының

директоры,

Алматы қ., Қазақстан

تحليل إسلامي لمفهوم "أصحاب الكهف" من منظور الزمان والمكان

إركينبيك داکن

طالب دكتوراه

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية (نور مبارك)،

ألماتي، كازاخستان

تورالي قيدر

أستاذ مشارك،

مدير معهد البحوث الإسلامية،

ألماتي، كازاخستان

ISLAMIC ANALYSIS OF THE CONCEPT OF «ASHAB AL-KAHF» FROM THE PERSPECTIVE OF TIME AND SPACE

Erkinbek Daken

PhD Candidate,

Egyptian University of Islamic culture

Nur-Mubarak,

Almaty, Kazakhstan

Töreali Kydyr

Candidate of Philological Sciences,

Associate Professor,

Director of the Islamic Research

Institute,

Almaty, Kazakhstan

ИСЛАМОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ КОНЦЕПЦИИ «АШАБ АЛЬ-КАХФ» С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ВРЕМЕНИ И ПРОСТРАНСТВА

Еркинбек Дакен

Докторант PhD,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан

Торали Кыдыр

Кандидат филологических наук,
доцент,
Директор Исламского
научно-исследовательского института,
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада ислам тарихында маңызды әрі ғажайып оқиға ретінде қарастырылатын «үңгірдегі әулиелердің 300 жылдық ұйқысы» зерттеледі. Бұл оқиға Құранның «Каһф» сүресінде баяндалып, исламдағы уақыт, өлім, қайта тірілу мәселелері метафизикалық және діни тұрғыда терең талданған. Зерттеуде әулиелердің үңгірде 300 жыл бойы ұйықтап қалуы тек діни сенім ретінде ғана емес, тарихи, философиялық және астрономиялық аспектілер тұрғысынан да қарастырылады. Исламның уақыт және тіршілік туралы ұстанымдары мен шариғат нормалары да өзекті. Қолданылған әдіс-тәсілдер ретінде тарихи контексті талдау, салыстырмалы дінтану мен философиялық концепцияларды пайдалану маңызды. Мақалада түрлі мәдени және діни көзқарастың салыстырмалы талдануы әлемдік мәдениет пен діни тарихтың өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік береді. Қорытындысында, үңгірдегі әулиелердің ұйқысы тек діни мағынада ғана емес, қоғамдық және философиялық тұрғыдан да маңызды екені анықталады.

Түйін сөздер: үңгірдегі әулиелер, 300 жылдық ұйқы, Құран Кәрім, ислам тарихы, ғажайып оқиға, философия, теология, уақыт.

الملخص. تتناول هذه المقالة دراسة حادثة "نوم الأولياء في الكهف لمدة 300 عام"، والتي تُعتبر من الأحداث العجبية والمهمة في التاريخ الإسلامي. يرويها القرآن الكريم في سورة الكهف، حيث يتم تحليلها بعمق من منظور ميتافيزيقي وديني فيما يتعلق بمفاهيم الزمن، والموت، والبعث في الإسلام. لا يُنظر إلى نوم الأولياء في الكهف لمدة 300 عام على أنه مجرد عقيدة دينية، بل يتم تناوله من جوانب تاريخية وفلسفية وفلكية أيضًا. كما يتم استكشاف المواقف الإسلامية حول الزمن والحياة، إلى جانب المعايير الشرعية المتعلقة بهذه المفاهيم.

تعتمد الدراسة على التحليل السياقي التاريخي، المقارنة بين الأديان، والمفاهيم الفلسفية كمناهج أساسية. تتيج المقارنة بين وجهات النظر الثقافية والدينية المختلفة في المقالة إبراز الروابط بين الثقافة العالمية والتاريخ الديني.

في الختام، تُثبت المقالة أن نوم الأولياء في الكهف لا يحمل فقط معنى دينيًا، بل له أهمية اجتماعية وفلسفية أيضًا.

الكلمات المفتاحية: أصحاب الكهف، النوم لمدة 300 عام، القرآن الكريم، تاريخ الإسلام، حدث معجز، الفلسفة، علم اللاهوت، الزمن.

Abstract. The article presents the investigation of the «300-year sleep of the holy ones in the cave», which is considered a significant and miraculous event in Islamic history. This event is narrated in the Quran's «Kahf» Surah and delves into the metaphysical and religious aspects of time, death, and resurrection in Islam. The study examines the holy ones' sleep in the cave for 300 years not only as a religious belief but also from historical, philosophical, and astronomical perspectives. The Islamic concepts of time and existence, as well as Sharia norms, are also explored. The research methodology includes historical contextual analysis, comparative religious studies, and philosophical concepts. The article provides an opportunity to analyze the mutual relationship between world culture and religious history by comparing various cultural and religious views. In conclusion, it is determined that the sleep of the holy ones in the cave holds significance not only from a religious perspective but also in terms of social and philosophical implications.

Keywords: Holy Ones in the Cave, 300-year sleep, Quran, Islamic history, miraculous event, philosophy, theology, time.

Аннотация. В статье предлагается исследование «300-летнего сна святых в пещере», который рассматривается как важное и удивительное событие в истории ислама. Это событие описано в суре «Кахф» Корана и глубоко анализируется с метафизической и религиозной точек зрения, затрагивая вопросы времени, смерти и воскрешения в исламе. Исследование рассматривает сон святых в пещере не только как религиозное убеждение, но и с исторической, философской и астрономической перспективы. Также важным аспектом являются исламские представления о времени и жизни, а также шариатские нормы. В статье использованы методы исторического контекстуального анализа, сравнительного религиоведения и философских концепций. Сравнительный анализ различных культурных и религиозных взглядов позволяет продемонстрировать взаимосвязь мировой культуры и религиозной истории. В заключении определяется, что сон святых в пещере имеет значение не только в религиозном контексте, но и с общественной и философской точки зрения.

Ключевые слова: святые в пещере, 300-летний сон, Коран, история ислама, удивительное событие, философия, теология, время.

КІРІСПЕ

Ислам тарихы ғасырлар бойы көптеген таңғажайып оқиға мен ерекше құбылысты қамтыған. Осы оқиғалардың бірі ретінде Құранда сипатталған «үнірдегі әулиелердің ұйқысы» немесе «Асхаб әл-каһф» [1, 18:9-26.] концептісі ислам әлемінің маңызды және ғажайып тарихы ретінде кеңінен танылады. Бұл оқиға Құранда бірнеше аят арқылы баяндалып, ұйқыға кеткен жандардың 300 жыл бойы ұйықтап жатқанын және

кейін ояңғанын сипаттайды. Бұл – исламның ғажайып ерекшелігін, оның ішінде құдайдың құдіреті мен адам өміріне ықпалын, сондай-ақ құтқару мен сенімнің маңыздылығын көрсететін ерекше оқиға.

«Асхаб әл-каһф» концептісі тек діни тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мәдени және тарихи аспектілер бойынша да маңызды. Бұл оқиға, әсіресе ислам тарихында наным мен құдайдың ісіне терең сенімділікті, сондай-ақ адами өмірдің уақыт

шамасынан тыс тұратын өлшемге карамастан құдайдың қалауының ба-
сым екендігін көрсетеді. Ислам та-
рихында осы оқиға арқылы, әсіре-
се мәңгілік өмір, өлім және құтқа-
ру тақырыбында философиялық,
теологиялық және метафизикалық сұ-
рақтар мен мәселелер көтерілді.

Мақалада біз «үңгірдегі әулие-
лердің 300 жылдық ұйқысын» тек ді-
ни қырынан ғана емес, ислам тарихы
мен мәдениетінде оның маңызын,
рухани және философиялық аспекті-
лерін де зерттейміз. Бұл оқиғаның
ислам тарихындағы ерекше орны мен
қазіргі замандағы түсініктерге, сон-
дай-ақ дүниетанымға әсерін талдай
отырып, біз оның діни мәнін тереңі-
рек ұғынуға тырысамыз. Сонымен
қатар тарихшылар мен теологтар ара-
сында осы оқиғаға қатысты әртүрлі
көзқарас пен пікірдің қалыптасуын,
оның исламның ғылыми және руха-
ни дүниесінде қалай қабылданғанын
қарастырамыз.

Бұл зерттеуіміздің мақсаты
– Құрандағы «Асхаб әл-каһф» оқиға-
сының мағынасын терең зерттей оты-
рып, оның ислам тарихындағы рөлі
мен ықпалын, сондай-ақ бұл оқиға-
ның қазіргі заманғы ислам қоғамы
үшін қандай мән-мағына беретінін
анықтау.

ТАҚЫРЫПТЫ ТАҢДАУДЫ ДӘЙЕКТЕУ:

«Үңгірдегі әулиелердің 300 жыл-
дық ұйқысын: ислам тарихындағы ға-
жайып оқиға ретінде зерттеу» ислам
дінінің тарихы мен сенім жүйесінің
бірегей құбылысы – «үңгірдегі әу-
лиелердің ұйқысын» концепт түрінде

терең талдау жасауды көздейді. Бұл
оқиға Құран Кәрімнің «Каһф» сүре-
сінде баяндалып, исламдағы ғажайып
оқиғалардың бірі ретінде танылған.
Әулиелердің 300 жыл бойы үңгірде
ұйықтап жатуы мұсылман ғалымдары,
тарихи зерттеушілер және теологтар
тарапынан түрліше түсіндіріліп келе-
ді. Осы себепті бұл тақырып ислам
мәдениеті мен тарихындағы ғажайып
оқиғаларды зерттеу арқылы сенім мен
ғылым арасындағы қарым-қатынасты
тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.
Құран мен хадистерде көрсетілген
тарихи құбылыстардың ғылыми әрі
діни негізде зерттелуі қажеттілігі туын-
дағандықтан, бұл тақырып ислам зерт-
теулері мен діни тарих үшін өзекті.

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ:

Зерттеудің басты мақсаты –
«Каһф» сүресінде баяндалған үңгір-
дегі әулиелердің 300 жылдық ұйқы-
сын тереңірек зерттеп, оның ғылыми
және діни негіздерін ашып көрсету.
Сонымен қатар бұл оқиғаның ислам
тарихындағы орнын, оның ғажайып
құбылыс ретіндегі маңызын талдау.

Ғылыми зерттеудің міндеттері:

1. Үңгірдегі әулиелердің ұйқы ба-
рысын Құран мен хадистер контексін-
де зерттеу.
2. Бұл оқиғаның ислам тарихын-
дағы символикалық мәнін анықтау.
3. Ғылыми тұрғыдан оның биоло-
гиялық және философиялық аспек-
тілерін талдау, табиғат заңдары мен
діни сенімдер арасындағы сәйкестікті
зерттеу.
4. «Асхаб әл-каһф» атымен та-
нымал бұл тұлғалардың 300 жылдық

ұйқысы туралы ерте исламдық және кейінгі дәуір ғалымдарының көзқарасын салыстыру.

5. Исламдағы ғажайып оқиғалар мен мифологиялық түсініктерді параллель талдау.

6. Бұл оқиғаның қазіргі қоғамдағы діни және ғылыми пікірталастарға әсерін зерттеу.

Бұл зерттеу арқылы үңгірдегі әулиелердің ұйқысын тек діни қырынан ғана емес, сонымен бірге ғылым мен сенімнің байланысы тұрғысынан қарастыру көзделеді.

Әдіснама: зерттеу барысында келесі әдіснамалық тәсілдер қолданылды:

– *Нормативті-құқықтық талдау:* «Kaһф» сүресіндегі әулиелердің 300 жылдық ұйқысы оқиғасын талдай отырып, ислам заңдары мен құндылықтарының бұл оқиғадағы орнын анықтау. Әсіресе шариғаттың сенім мәселелеріндегі ықпалы құқықтық және рухани өлшем тұрғысынан пайымдалды. Мұнда исламның негіздеріне сәйкес шариғаттың уағыздаған моральдық нормалары мен парасатты әрекеттердің қандай рөл атқаратындығы талданды.

– *Тарихи-деректанулық талдау:* ислам тарихындағы бұл ғажайып оқиғаға қатысты тарихи көзқарастар мен түсініктер зерттелді. Әсіресе әулиелердің ұйқысын түрлі дәуірдегі ғалымдардың қалай түсіндіргені, сонымен қатар оқиғаға қатысты еңбектер мен аңыздардағы деректерге салыстырмалы талдау жүргізілді.

– *Салыстырмалы талдау:* Асхаб әл-каһфтің 300 жылдық ұйқы барысындағы оқиғасын басқа діндер-

дегі ұқсас аңыздармен салыстыру арқылы, бұл оқиғаның мұсылман дүниетанымындағы ерекшеліктері мен маңызы талданды. Сонымен қатар бұл оқиғаны басқа да мәдениетте қабылданған түсініктермен салыстырғандағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды.

– *Контексті талдау:* Тарихи және діни контексін ескере отырып, бұл оқиғаның исламға қатысты философиялық және этикалық ұғымға әсері зерттелді. Құран мен хадистердегі қосымша түсініктемелер мен дәлелдер зерттелді. Әулиелер ұйқысының уақытша өліммен байланысына, исламның дүниетанымдық негіздеріне, оның ішінде өлу мен тірі болудың метафизикалық түсініктеріне қатысты философиялық талдау жасалды. Сонымен қатар бұл оқиға адамдардың Алла тағалаға сенімінің, оның құдіретіне құрметтің көрінісі ретінде қарастырылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алла елшісінің дуалы аузынан шыққан хадистердің шарапатына үңілген мұсылман қауымы осы сүренің алғашқы он аятын жаттауды және жұма күні мешітте әуенді қарилардың мәнерлеп оқыған қирағатымен «Kaһф» сүресін бастан-аяқ тындауды әдетке айналдырған. Бұл дәстүрдің мәні – сүренің бас жағындағы таңғажайып оқиғалар мен мұғжизалар оқырман мен тындаушыны өзіне тартып, оларды қызықтырып, рухани әсер етуінде жатыр. Сүренің «Kaһф» («үңгір») деп аталуының өзі тылсым дүниеден сыр шертіп тұрғандай көрінеді. «Үңгірдегі жеті әулие» деп аталатын аңыздың ақиқатын ашқан аяттар осы

ондық аяттың соңынан басталады. Ары қарай сүре бірнеше таңғажайып оқиғаны баяндайды. Сонымен қатар «Каһф» сүресінде адам баласына берілген төрт үлкен сынақтың тарихи деректері сөз етілген. Бұлар:

- 1) *Діндегі сынақ;*
- 2) *Дүниелік сынақ;*
- 3) *Білімдегі сынақ;*
- 4) *Басшылықтағы сынақ.*

Бұл төрт сынақтың басталуы мен шарықтау кезеңі, сондай-ақ олардың психологиялық әсері ғасырлар өтсе де адам жадында сақталатын ғажайып құпия түрінде көрініс тапқан. Бұл сынақтар көне заманнан бері болса да, қиямет күні жақындаған сайын Дажжалдың (Тажал) адамдарды Құдайдан алыстату үшін жасайтын түрлі айла-шарғысының алаңына айналмақ. Ал осы сынақтарды терең түсініп, оны өз бойына үйлесімді ұстана білген адам, бәлкім, фитнә кезеңінен аман-сау өтуі мүмкін. Себебі пайғамбарымыз айтқан асыл сөздерінің Құранмен астарласқан ақиқат екендігінде еш күмән жоқ [2, 54-б.]. Хикмет-сырға толы «Каһф» сүресінің пайғамбарымызға түсу барысы – өзі бір үлкен хикая. Түсінікті болу үшін әңгімені әріден бастайық. Мұхаммедке (с.ғ.с.) меккеліктердің мүшріктері сөз арасында қойылған сауалдар бойынша хақ діннің насихатын тыңдап, оның хаққындағы ғибратты оқиғаларға қаныққан соң өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға кіріскен болатын. Бұл оқиғада Ән-Надыр ибн әл-Харис есімді құрайыш мүшрігі мен оның серігі Утба ибн Әби Муғит тарапынан қойылған сұрақтар қарастырылады. Олар өздеріне тиесілі аңыздар мен

әпсәналарды айтуды ғана мақсат тұтпай, ислам дінінің жаршысы Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлығын күмәндандырғысы келген. Олардың бұл қадамы – шын мәнінде, исламның алғашқы кезеңдерінде адамдардың пайғамбарға сенімін тексеруге тырысқан тәсілдер [3, 63-б.].

Ән-Надыр мен Утба бұдан бұрын естіген тарихи оқиғаларға назар аударып, Мекке қаласында сауалдарын қою арқылы исламның негізгі мұраттары мен шарифатының тереңдігін бағамдауға ниеттенді. Олар үшін ең маңыздысы пайғамбардың тарих, рух және әлем туралы білімін сынап көру болатын. Меккеге оралған соң бұл сауалдарды пайғамбарға қойып, оның нақты жауап таба алмауын күткен болатын. Алла тағала өз уақытында осы сұрақтардың жауабын нақты әрі анық түрде берді, бұл жағдай исламның өз дәуірінде бүкіл әлемге таңдау мен дұрыс бағыт ұсынуға дайын екендігін тағы да айқындады. Алла тағаланың «Каһф» сүресін түсіруі осы оқиғаға байланысты болды. Бұл сүреде жеті әулиенің үңгірге бекінуі, олардың ғұмыры мен сеніміне қатысты түрлі философиялық ой мен рухани дүниетаным баяндалады. Осылайша, ислам дінінің негіздеріне күмән келтіруге тырысқан мүшріктердің өтініші Алла тарапынан жауап тауып, оларға қатысты сенімнің дұрыстығын тағы да бір рет көрсетті.

Оқиғаның шығу тарихына келсек, өте ерте заманда Рум елінің Тарсус қаласында Дакиянус есімді патша билік еткен. Бұл патша өзіне қарасты халықты пұтқа табынуға мәжбүрлеуге тырысып, ескірген діни нанымдар-

ды жоюға қадам жасайды. Алайда халық арасында патшаның бұйрығымен келіспейтін, пұтқа табынуға қарсы шығатын бір топ жас бар екені байқалады. Бұл жас адамдар өз пікірлері мен сенімдеріне беріктігін көрсетіп, патшаның құлағына жеткенде, оларды шақырып, айыптайды. Патша жастарды алдына шақырып: «Егер сендер пұтқа табынуды қасақана қабылдамасандар, бастарыңды аламын», – деп қорқытады. Алайда жастардың жауабы бұдан да қатты болады: «Раббымыз – көктер мен жердің Раббысы. Біз тек оған ғана табынамыз және одан басқа тәңірге сиынбаймыз», – дейді. Патша оларды түрлі айла-амалмен қорқытып, нәтижесіз болған соң: «Сендер жастықтың буымен осындай қадамға барып отырсыңдар, мен сендерді жазалауға асықпаймын. Үйлеріңе барып, ойланып көріңдер, мүмкін, бұрынғы сенімдеріңнен бас тартып, ел қатарлы боларсыңдар», – деп кеңес береді [3, 222-б.]. Жастар үйге қайтқан соң өзара кеңесіп, патшаның қауіп-қатерінен құтылу үшін елден қашып, сақтанып жүру қажеттігін түсінеді. Араларында бір жас жігіт тау арасында жасырын үңгір бар екенін және оның әкесі кейде сол тау бөктерінде қой жайып жүретінін айтады. Бұл үңгір олардың қорғанышына айналмақ. Ақыры, кенес соңында жастар үңгірге барып жасырынуды шешеді.

Шаһар халқының үлкен діни мерекесі жақындап қалған еді. Жігіттер сол күнді асыға күтеді, өйткені патшаның тыңшылары олардың әрбір қадамын аңдып жүретін. Бұл жағдайда қаладан қашу үлкен қауіп

тудырғандықтан, олар мерекенің басталуын асыға күтті. Ақыры, сарыла күткен сәт келіп жетеді, қалада мерекелік шоу басталып, халық ығы-жығы күйге түседі. «Біреу тойға, біреу қойға» дегендей, жастар да көшеге шығып, доп ойнайды, сол уақытта қаладан алыстап кетуді жоспарлайды. Олардың мақсаты қарауылдардың назарынан тыс қалып, қала сыртына шығу еді. Бұл жоспар жүзеге асып, олар қала шекарасынан аман-сау шығып кетеді. Жол бойында олар бір қойшыға кездеседі. Қойшыға діннің насихаты әсер етіп, жүрегі елжіреп, қойын тастап, итін ертіп, қашқын жастардың қатарына қосылады. Патша осы қашқындарды іздеп тауып, олардың артынан нөкерлерін ертіп шығуға бұйрық береді. Іздерімен жүріп, тау арасындағы үңгірге келеді. Алайда үңгірге кіргенімен, сыртқа шыққан ізі байқалмайды. Ішке кірген адамдардың көзі байланып, ешнәрсе көре алмайды. Үңгірдің ішін қанша тексергенімен, қашқындарды таба алмайды. Патша мен оның адамдары үңгірден ештеңе таппай кері қайтуға мәжбүр болады. Ақырында, олар үңгірдің аузын жаптырып тастайды. Ал осы уақытта, үңгірде жасырынған жастарды Алла тағала құлақтарын керең қылып, оларды ұзақ әрі терең ұйқыға батырды, сондықтан сырттағы дыбыстарды естімей, ұзақ уақыт тыныштықта жатты [4, 156-б.].

Құранда үңгір иелерінің хикаясы алғаш рет келесі аятта баяндалады: «(Уа, Мұхаммед (с.ғ.с.))! Каһф пен Рақым иелерін біздің ғаламаттарымыздың таңғажайып белгісі деп ойлайсың ба?» [1, 18:9]. Тәпсіршілер

осы аяттағы «Каһф» және «рақым» сөздерін талдай келе бірнеше түрлі пікірді ұсынған. Мысалы, тәпсірші Әд-Даххак «Каһф» сөзін сайдың ішіндегі үлкен аңғар, ал «рақым» сол аңғардың атауы деп түсіндірген. Сонымен бірге еврей ғалымы Кәғбул-Ахбар, «Каһф» сөзін таудағы үңгір деп, «рақым» сөзін Асафан мен Айленің аралығындағы жылғаның атауы деп айтқан. Ибн Аббас (р.а.) осы пікірлерден соң Кәғбул-Ахбардың «рақым» жылға деген тұжырымын қабылдап, оны қолдаған [5, 144-б.].

Сағид ибн Жубайырдың пікірі бұдан өзгеше. Ол «рақым» сөзін үңгір иелерінің аты қашалып жазылған, үңгірдің есігіне қойылған тас тақтайша деп түсіндірген. Бір деректерде бұл тақтайшаның қорғасыннан, кейбірінде алтыннан жасалғаны туралы айтылған. Сонымен қатар кейбір тарихшылар «Каһф» пен «рақым» екі түрлі тарихты сипаттайды деп санайды. Бұл пікірге сәйкес, Құранда айтылған Асхаб әр-Рақым (рақым иелері) мен Асхаб әл-каһф (үңгір иелері) оқиғалары өзара ұқсас болғанымен, әртүрлі оқиға санатына кіреді. Мұндағы айтылып отырған үңгірге қамалып қалған үш жігіт туралы әңгіме сахих хадистерде баяндалған ғибратты оқиға ретінде танымал [5, 146-б.]. Ибн Аббастың (р.а.) тағы бір риуаяты бойынша, бұл жас жігіттердің еліне Иса пайғамбардың мүриттерінің бірі келіп, дін насихатын жүргізген. Оның уағызына ұйыған жастар Иса пайғамбардың шарифатын аталмыш тақтайшаға жазып қалдырыпты. Алайда бұл оқиғаның Рим императоры Юлий Цезарьдың жылнамасынан әлдеқайда

бұрын болғанын айғақтайтын дерек-көзіне негізделер болсақ, онда Иса пайғамбардан бірнеше ғасыр бұрын орын алғаны туралы ой туындайды.

Үңгір иелерінің жасырынған үңгірі мен «рақым» сөзіне байланысты жиырмадан астам риуаяттарға терең зерттеу жүргізген тәпсірші ғалым Тантауи былай дейді: «Рақым – үңгірге жасырынған жастардың аты-жөні, ата-тегі және олардың таңғажайып көшірмелері жазылған ескерткіш тақтайша. Бұл «рақым» сөзіне қатысты деректердің ішіндегі ең шындыққа жанасатыны – осы». Дегенмен тақтайшадағы жазуды кім жазғаны жөнінде нақты мағлұмат жоқ. Бір дерек бойынша, оны патша Дакиянус жаздырып, өзінің сарайында сақтаған деп айтылады. Ал екінші дерекке сәйкес, үңгір иелерінің кейінгі өміріне куә болған иманды жұрттың ескерткіші болып саналады. Бірақ қай деректің басым екенін ешкім нақты айтқан жоқ. Сондықтан біз бұл мәселеге терең үңілмейміз. Маңыздысы, осы үңгірде олардың табаны күректей 300 жыл бойы тәні бұзылмай сақталып жатқандығы. Енді осы мәселеге тоқталайық [6, 123-б.].

Құранда: «Күн шыққан сәтте, (күннің) үңгірдегілердің оң жағынан өткенін, күн батқан сәтте, олардың сол жағынан қиғап өткенін көрер едің. Олар үңгірдің кең бір жерінде. Бұл Алланың ғаламаттарынан», – делінген [1, 18:17]. Бұл аяттың мәнін түсіндіру үшін көптеген тәпсірші тұжырымына жүгінуге болады. Мысалы, Фахруддин әр-Рази бұл аятқа қатысты екі түрлі көзқарасты білдіреді. Біріншісі, үңгірдің аузы солтүстікке қарап

орналасқан, сондықтан күннің жарығы үңгірдің оң жағынан өтіп, күн батқанда сол жағынан өтеді. Осылайша, күннің тікелей нұры үңгірге түспей, оның ішіндегі ауа температурасы қалыпты деңгейде сақталады, бұл үңгірде ұзақ уақыт жатқан адамдардың денесінің бұзылуына жол бермейді [7, 96-б.].

Екінші көзқарас бойынша, үңгірдің ішіне күннің нұры түскенмен, оның ультракүлгін сәулелері адам ағзасына зиян тигізбей, артық жылу немесе суық ағыстардың әсерінен үңгір ішіндегі жағдай тұрақты болып қалады. Бұл құбылыс тек Алланың құдіретімен мүмкін болған мұғжиза ретінде қарастырылады. Осылайша, екі көзқарас та үңгірдегі жағдайдың табиғи немесе ғажайып сипатын түсіндіруге тырысады, бірақ екеуі де Алланың шексіз құдіретін білдіреді. Аяттағы «منه فجوة» (фәжүэтән минһу) сөзін ғұлама Ғ. Ақытұлы «үңгір ортасындағы кеңістік» деп түсіндірсе, Халифа Алтай аудармасында «үңгірдің кең бір жері» деп тәржімалаған. Екі аударманың да мағыналық мәні бір, себебі деректің қайнар көзі ұқсас. Классикалық еңбектердің бірінде үңгірдің ортасы деп сипатталса, енді бірінде үңгір ішіндегі ауасы таза, тынысы кең, жатуға ыңғайлы жер екені айтылады. Демек, мұндағы үңгір жай ғана тастың қуысы емес, бәлкім іші кең, жанға жайлы, петрографиялық және физикалық тұрғыдан ерекше құрылған үңгір екені аяттың кеңейтілген мағынасынан аңғарылады [8, 136-б.].

Ғалымдар ұйқы кезінде адамның жанның тәннен толық ажырамағанын және рухтың ағзадағы тіршілікті сақ-

тап тұратын күшін айтқан. Егер адамның шарықтап кеткен рухы қайта келмесе, онда тәннің тіршілігі тоқтап, адам өмірден озатыны түсіндіріледі. Сол себепті пайғамбарымыз ұйықтар алдында: «...Уа, Раббым! Егер жанымды қайтармай алып қалар болсаң, өз рахымына бөлей гөр...», – деп дұға еткен. Бұл сөздер ұйқының рухани мәнін әрі оның құдайлық рахымға негізделгенін білдіреді [9, 16-б.]. «Ұйқы – өлімнің басы» деген тұжырым, әсіресе Құранның «Әнғам» сүресінің 60-аяты мен «Зұмар» сүресінің 42-аятында ерекше орын алады. Алла тағала бұл жерде ұйқы мен өлім арасындағы байланысты ашып көрсетеді. Үңгірдегі жас жігіттердің 300 жылдық ұйқысын ақиқаттың бір көрінісі ретінде сипаттағаны айқын көрінеді. Олардың ұйқысынан оянуы қияметтің шындығын айғақтайды, өйткені Алла тағала қияметтің болатынын және Оның уәдесінің орындалатынын дәл осы ұйқы мысалымен түсіндіреді: «Міне, осылайша, Алланың уәдесінің шын екенін және қияметтің күмәнсіз болатындығын (адамдардың) білуі үшін оларға хабар бердік» [1, 18:21]. Бұл жағдай қиямет күні адамзаттың дәл осылай ұзақ ұйқыдан оянғандай болатынын меңзейді, олар тіпті меңзең күйде болады [10, 56-б.].

Үңгірде ұзақ уақыт ұйықтаған жігіттердің түр-әлпеті Құранда таңғажайып сипатталған: «Оларды (көрсен) ояу деп ойлайсың, әйтсе де олар ұйқыда еді. Оларды оң жағына және сол жағына аунатып тұрамыз» [1, 18:18]. Тәпсірлерде бұл ұйқының мәнін көздерінің ашық болуы арқылы түсіндіреді. Дегенмен Әз-Зужаж есім-

ді ғалым олардың үнемі аунатылып жатуын, «бұл олардың тәндерінің ұзақ уақыт бойы бір қалыпта жатпауына себеп болатынын» айтады. Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта, әр жыл сайын олар бір рет ауағаны туралы айтылады, ал Мужаһидтің дерегінде жігіттердің тоғыз жыл оң жамбаста, тоғыз жыл сол жамбаста жатқаны жазылған. Ибн Аббас (р.а.) болса, оларды аунатудың себебін «денелері жерге сіңісіп кетпеуі үшін» деп түсіндірген. Бұл тек жорамал, ал шынымен де олардың не үшін аунатылғанын тек Алла тағала ғана біледі. Әр-Разидың айтуынша, Алла олардың тәнін ұзақ сақтауға мұқтаж болмаған, бірақ Оның күдіретімен олар осы күйде ұзақ уақыт бойы ұйықтаған [11, 202-б.].

Табиғаттан тыс құбылыстар, соның ішінде үңгірдегі жігіттердің ұзақ ұйқысы мен олардың денесінің сақталуы – Алла тағаланың шексіз күдіретінің дәлелі. Бұл мысал, әсіресе Ибраһим пайғамбар лаулаған отқа қарсы жүргенде Алланың әмірімен оттың зиянсыз әрі салқын болуын еске салады. Осылайша, Алла тағаланың барлық жаратылысына әмір етуі арқылы үңгірдегі жігіттер де жайлы ортада ұзақ уақыт ұйықтаған.

Тарихи деректерде айдың толуы мен күннің қайта шығуының белгісі болғанда, жігіттер ұзақ уақыт ұйықтап, өздерінің қанша уақыт ұйықтағанын білмей, бір-бірінен сұрағаны айтылады. Құранда: «Осылайша, (қанша уақыт ұйықтағанын) бір-бірінен сұрауы үшін оларды ояттық. Олардың бірі: «Қанша ұйықтадыңдар?» – деді. Басқалары: «Бір күн немесе бір күнге

жетпейтіндей ұйықтаған болармыз», – десті. (олардың ішінен біреуі айтты): «Қанша ұйықтағандарыңды Раббыларың жақсы біледі...», – деп баяндалады. Бұл айтылған ойлар туралы Ибн Кәсир былай деп түсіндірген: «Олар үңгірге кірер алдында күн батқан, содан кейін 300 жыл өтіп, қайта оянған кезде күннің батқанын көргендіктен, олар өздерінің қанша уақыт ұйықтағандарын бір күн немесе жарты күн деп ойлаған» [13, 23-б.]. Үңгір иелері Ямлиха есімді жігітті, қалаға тамақ сатып әкелуге жібереді. Оған: «Қалаға кіріп, ең таза тамақтануды таңда, содан ал», – деп бұйырады. Қалаға келіп, ол көптеген өзгерісті байқайды. Ол өзімен бірге күміс ақшасын ұстап, наубайханаға кіріп нан сатып алмақшы болады. Бірақ сатушы оған таңырқай қарап: «Мына ақшаға нан емес, бір тайлақ түйе сатып алуға болады», – деп әзілдейді. Осылайша, өткен дәуірдің ақшасы қолында болған таңғажайып жігіттің әңгімесі патшаға жетіп, оның құлағына тиеді.

Әт-Табаридың деректемелеріне сүйенсек, осы кезде елдің патшасы Тәйзусис атты билеуші болған. Ол баяғы Дақиянус патшаның дінсіз жүйесін жойып, елде әділ және діни билік орнатуға тырысты. Бірақ мемлекетте бейбітшілік орнағанымен, халық арасында философия мен дінге қатысты түсініксіз даулар мен қақтығыстар белең алып, патша мұндай даулардан қажыды. Елдегі ең үлкен пікір қайшылығы адамның жан мен тән мәселесі жөнінде болды. Бір топ адамдар: «Адам өлген соң топыраққа айналып, жоқ болады», – десе, тағы

бір топ: «Адамның тәні топыраққа айналғанымен, оның рухы Құдайдың ғұзырына барғанда есепке алынады», – деген пікірде болды. Ал үшінші топ өкілдері болса, қиямет күні адамның тәні мен жаны қайта тіріліп, Алланың алдына баратынына сенді [14, 202-б.].

Аяттағы «бұларды көрген адамның бойын үрей билеп, зәре құты қалмай қашатыны» жөніндегі бөліміне келер болсақ, тағы да шешімі қиын құпияға тірелеміз. Бірқатар деректерде үңгір иелерінің шаш-сақалы өсіп, тырнағының ұзарып кеткендігімен байланыстырылады, ал басқаларында бұл төңіректің географиялық құрылымының өзі адамның үрейін ұшырып, үңгірге жақындауға ешкімнің дәті жетпейтіндей қорқынышты болуында екендігі айтылады. Алайда тәпсір мамандары бірінші нұсқаның шындыққа жанаспайтынын алға тартады. «Себебі ұйқыдан оянған жігіттер өздерінің қанша уақыт ұйықтағанын біле алмай, бір-бірінен сұрасқан. Егер түрлері адам шошырлық өзгерген болса, онда аятта келгендей диалог орын алмас еді», – дейді [15, 215-б.]. Бұл пікір тәпсір саласындағы ғалымдардың терең пайымдарына негізделеді және мәтінді дұрыс түсінуде маңызды орын алады. Үңгірге қайтып оралған жігіттер мәңгілік ұйқыға кетеді. Олардың не өлі, не тірі екенін біле алмай аңтарылған жұрттың ендігі әңгімесі жас әулиелердің мақамына лайықты бір игілікті іс жасауға ойысады. Құранда: «Сол кезде олар (үңгір иелерінің елі) бұлардың ісі туралы өзара тартысты. Біреулері: «Олардың басына үй салыңдар», – деді [16, 36-б.].

1. Құрандағы аяттың түсіндірмесі: Құранда бұл оқиға туралы айтылған кезде, үңгір иелерінің басына мешіт салу туралы пікірталас орын алады. Мұсылмандар мен басқа топтар арасындағы ұсыныстардың әртүрлілігі әрі патша тарапынан шешім қабылдау үдерісі белгілі бір тарихи және мәдени ағындарды көрсетеді. Бұл жерде діндердің араласуы, сонымен қатар қоғамның діни сенімдері мен практикалық тұрғыда шешім қабылдау арасындағы тығыз байланыс байқалады. 2. Мешіттің салынуы: Үңгірдің басына мешіт салу идеясы, ақырында, исламның қасиетті орындары мен шарифатқа сай ұсынылған әрекеттердің бірі ретінде орын алады. Мешіттің салынуы – бұл діни сенімнің көрінісі ғана емес, сонымен қатар сол қоғамдағы дінге, ізгілікке құрметтің белгісі. Бұл әрекет қоғамдағы үңгір иелеріне құрметті білдірудің бір түрі болды. 3. Үңгірдің ұмытылуы және құпияға айналуы, уақыт өте келе үңгір иелері мекенінің қай жерде орналасқаны туралы ешқандай нақты ақпараттың болмауы – бұл құпияның заманымен сәйкес келетін қызықты аспект [17, 210-б.]. Осылайша, үңгірдің нақты орны және оған салынған мешіттің тарихы мен маңызы уақыт өте келе мифке, тарихи аңыздардың бір бөлігіне айналады. Мұның өзі тарих пен діни білімнің қалай алмасатынын, ұмытылып қалған құпиялардың қайта ашылу мүмкіндігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, бұл оқиға – тек діни тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және тарихи аспектіден де қызығушылық тудыра-

тын тақырып. Бүгінде әлемнің 40-қа жуық елінде «Асхаб әл-каһф», яғни жеті әулие үңгірі деп қастерлейтін жерлер бар. Олардың арасында Испания, Түркия, Иемен, Иордания, Әзірбайжан, Ауғанстан және Орталық Азияның бірқатар аймақтарында орналасқан үңгірлер ерекше орын алады. Бұл үңгірлерде Құранда айтылған үңгір иелерінің қиссасымен жер қыртысының петрографиялық құрамы мен әулиелерге қатысты мәліметтердің сәйкестігі жоғары деп есептеледі. Сол үңгірлердің бірқатарына тереңірек тоқталып өтейік:

1. Испания – жеті ғасырдан астам уақыт бойы ислам халифатының құрамында болған ел. Мұнда Андалусия аталып, мұсылмандар мен христиандар арасындағы өркениет пен білім-ғылымның тоғысқан жері ретінде танымал болды. Әлемнің әр түкпірінен саяхатшылар, тарихшылар мен ғалымдар осы жерге ат басын бұрып, айлап-жылдап қоныстанғаны тарихтан белгілі. Андалусияның Гренада қаласына жақын Луша ауылында «әулиелер үңгірі» деген атымен белгілі ғажайып үңгір бар. Бұл үңгірде әулиелердің сүйегімен қатар, бір иттің сүйегі де табылған. Үңгірдің тарихына қатысты мәліметтер бойынша, әйгілі тәпсірші, әдебиетші әрі ақын Ибн Атия һижраның 504 жылы дәл осы үңгірге зиярат еткендігін айтады. Үңгір үстінде мінәжат үйі орналасып, оның жанында Рим сәулет үлгісінде салынған шағын ғимараттың орны қалған. Алайда уақыт өте келе бұл ғимараттың қабырғалары құлап, тозған. Сонымен қатар Ибн Атия Гренада қаласының шығысында орналасқан

көне қаланың орны туралы да айтады, оны жергілікті тұрғындар «Дақиус» деп атайды. Ол бұл жердің Хижаз аймағынан алшақ орналасқанына қарамастан, мұндағы өркениет пен христиан діні туралы тарихи деректердің арабтарға жетуі мүмкін еместігін алға тартады [16, 77-б.]. Сондықтан оның пікірінше, Алла елшісі бұл оқиғаны Алла тағаланың уахи етуімен білген деп санайды.

2. Тарсус қаласындағы үңгір. Түркияның оңтүстігінде, Жерорта теңізі аймағында орналасқан Тарсус қаласы – тарихи маңызы зор орындардың бірі. Қаланың таулы шатқалында түріктер «Асхаб әл-каһф» үңгірі деп атайтын үлкен үңгір бар. Бұл үңгірге апаратын тар жол сергелдең жүргіншілердің үңгірге асыға бара жатқан бейнесін көз алдыңызға елестетеді. Үңгірдің жақын маңында орналасқан ауылда «Асхаб әл-каһф» атты мешіт бар. Үңгірдің тарихи маңызы қаланың ежелгі атауымен де тығыз байланысты, яғни Тарсус атауының өзінде оның тарихи еврей және христиан деректеріне негізделгені байқалады. Ислам тарихшылары мен тәпсіршілердің айтуынша, қала атауы ескі еврей жазбаларынан алынған. Сонымен қатар христиандық деректемелер де бұл үңгірдің христиан мифологиясымен байланысын көрсетеді. Тарсус қаласының ұзақ уақыт христиан билеушілерінің қол астында болғанын ескере отырып, бұл жердің христиандық аңыздармен де байланысы бар екенін айтуға болады [18, 210-б.].

3. Қаһраманмараштағы «Асхаб әл-каһф» үңгірі. Түркияның оңтүс-

тік-шығысында орналасқан Қаһраманмараш қаласы да тарихи тұрғыдан қызықты. Афшин ауданында орналасқан «Асхабу-каһф» үңгірі мен оған жақын ғимараттар қазіргі зерттеушілердің назарын аударуда. Қазіргі уақытта бұл үңгірдің орналасқан аумағында бұрын керуен сарайы болған. Кейіннен бұл ғимарат мешітке және медресеге айналған, бұл өз кезегінде оның рухани қадір-қасиетін арттырды. Мұнда ислам әлемінің көрнекті тұлғалары, оның ішінде Жалалиддин Руми мен Хажы Бекташ сынды рухани әлемнің жұлдыздары айлап отырып, құлшылық жасағаны белгілі. Бұл жер, сондай-ақ сопылық жолдың өкілдері үшін маңызды орын болып, олар дүниеден оқшауланып, тек Аллаға мінәжат ететін орынға айналған. Бұл үңгірді «жеті әулиенің үңгірі» деп те атайды. Қазіргі кезде бұл жер рухани жаңғырудың орталығына айналып, көптеген адамның зиярат жасауға келетіні анық [19, 156-б.].

4. Иорданияның Әбу Галанда облысына қарасты Ражиб ауылындағы үңгірді жергілікті тұрғындар «Асхаб әл-каһф» үңгірі деп атайды. Бұл үңгір Иордания астанасы Амманнан небары жеті шақырым қашықтықта орналасқан. Үңгірдің үсті биік жер аумағында, оның маңындағы телемұнаралардан бірнеше шақырым жерде ғана орналасқан. Тарихи зерттеулерге сәйкес, Ражиб ауылы бұрын «Рақым» деп аталған, ал Амман қаласы Дақиянус патшаның өмір сүрген мекені болған. Ежелгі уақытта бұл өлке Византия империясының құрамында болғандықтан, үңгір маңайынан византиялықтарға тән көп

қабір табылған. Сонымен қатар үңгір үстінде салынған ғимараттың қалдықтары ислам дініне дейін бұл жерде мешіт болғандығын көрсетеді. Тарихи деректерге сүйенсек, ислам халифалығының соңғы кезеңдерінде бұл аймаққа әскер бастап келген Убада ибн Сәмит пен Муғауиа ибн Әби Суфиян сынды қолбасшылар үңгірге бас сұққан және жеті әулиенің сүйегін көргендігі туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ Ибн Аббас пен Хабиб ибн Сәләмә секілді сахабалардың да бұл үңгірге келгендігі туралы риуаяттар сақталған. Қазіргі таңда бұл үңгір мемлекет тарапынан қорғауға алынып, туристік маңызды орынға айналған.

5. Әзірбайжанның Нахичеван Автономиялық Республикасындағы үңгір осы өңірдегі түркі халықтарына өте таныс. Бұл үңгірдің «Асхаб әл-каһф» қиссасымен қаншалықты сәйкес келетінін зерттеген Нахичеван академиясының профессоры Хажы Кадыр Кадырзаде өз ойын былайша жеткізеді: «Біріншіден, үңгірге түсетін күн сәулесін зерттедік. Танертең күн үңгірдің оң жақ қапталынан шығып, батқанда сол жақ қапталын жанай батады. Бұл Құранда айтылған қозғалыспен толық үйлеседі, яғни күннің сәулесі үңгір ішіне түспейді. Екіншіден, үңгірге апаратын жолда адам мен ит ізі байқалады. Бұл да Алланың кейінгі ұрпақтарға ғибрат ретінде қалдырған белгісі болар. Үшіншіден, біз үңгір аузына жақын жерде, 15-16 метр биіктікте орналасқан топырақ үйіндісін зерттегенде, бұл жерде адамдардың шамамен 1600 жыл бұрын құлшылық жасағаны анықталды», – дейді про-

фессор Кадырзаде [18, 255-б.].

Зертханалық зерттеулер нәтижесінде Афшиндағы және Иорданиядағы үңгірлер маңында құлшылық үйінің болғаны туралы анықтамалық пікірлер де жиі айтылып келеді. Бұл зерттеулердің негізінде үңгір маңындағы тастар мен топыраққа жасалған талдаудың нәтижесі көне заманда бұл жерде мешіттер болғанын көрсетеді. Мұндай зерттеулер үңгірдің тарихи және діни маңызын айқындауға бағытталған басты дәлел деп білеміз.

Сонымен қатар тағы бір маңызды дерек – Хажы Кадыр Кадырзадениң топырақ арқылы құлшылық үйінің тарихын сипаттауы. Оның айтуынша, Әр-Разидің мәліметтеріне сәйкес, үңгір иелерінің тарихы 1600 жылдық кезеңмен байланысты. Әр-Рази: «Олар (үңгір иелері) Иса пайғамбардың заманынан бұрын үңгірге кірген, Иса (ғ.с.) мен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарларының арасындағы пайғамбар келмеген үзіліс кезеңінде ұйқыдан оянған, сондықтан олардың осы ұйқыдан оянгандығы туралы ақпаратты Иса пайғамбар өз қауымына айтқан», – деп жазады. Екінші бір мәліметте үңгір иелерінің Иса пайғамбардың жіберген мұриттері болғаны және олар дін қабылдап, үңгірге жасырынғаны сөз болады. Егер бұл үңгір иелері шынымен де Иса пайғамбардың мұриттері және олар өздерінің діни сенімдерін қорғау үшін үңгірге жасырынған болса, онда олардың ұйқысынан оянған кезеңі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың дәуіріне жақын уақыт болуы мүмкін. Иса пайғамбар олардың дін жолында залым патшаға қарсы жасаған ерлік-

терін өз қауымына айтып берген болуы мүмкін. Демек, олардың ұйқысынан ояну кезеңін Иса пайғамбардан кейін деп есептесек, Нахчиевандағы үңгірдің жанында құлшылық үйінің болғаны туралы зерттеулердің нәтижелерімен келісуге болады. Бұл зерттеудің мәліметтері ғылыми тұрғыдан толық қарастырылып, оған қатысты қорытынды жасалған.

Кез келген қиссаны ғибрат ретінде қабылдау үшін оның мәні мен мағынасына терең үңілу қажет. Әсіресе Құран қиссаларындағы негізгі мәнді ашу үшін оның тарихи деректемесінен гөрі ішкі құпиясы мен мазмұндық сипаты, ғибраттық түйіні маңызды болып саналады. Егер адам баласы қиссаның негізгі айтпақ ойын, астарлы мағынасын толық түсініп, оны жадында сақтай білсе, онда Құранның сол қиссаны баяндаған аятымен рухани тұрғыда үйлесім тауып, Аллаға деген ықыласы арта түсетініне және өмірінің белгілі бір кезеңінде сол қиссаның субъективті әсері болатынына ешқандай күмән жоқ. Осыған байланысты шытырман оқиғаға толы үңгір иелерінің қиссасынан жалпы не түсінуге және қандай ой түйіндеуге болатынын сұрау әркімнің санасында туындауы мүмкін. Әрине, қиссаның ғибратты ойларын сауалсыз-ақ тұжырымдап айтуға болады. Алайда біз осы хикаяның ішінен қоғамды таңырқататын бір бөлшегін ғана сөз етуді жөн көрдік. Ол – үңгір иелерінің жас боз балалар болуы. Мұны Құранның өзі айқындап тұр. «Анығында олар жігіттер еді» деген аят жолында *فَتَيَّةٌ* (фитятун) – «жігіттер» деген сөз кездеседі. Араб лин-

гвистикасының мамандары «فتية» және оның жекеше айтылуындағы «فتى» сөздерін 16-17 жас аралығындағы бозбалаға қолданылатынын айтады. Мысалы, Ибраһим пайғамбардың жас кезінде пұтханадағы пұттарды қиратып, соңында қолындағы балтаны құламай қалған алып пұттың қолына қыстыра салып ізін суытқанын сезіп қойған қауымы оның жайында былай дейді: «(Олардың кейбіреуі): «Ибраһим деген бір жігіттің осыларды (пұттарды) сөз етіп жүргенін естіген едік» (Құран). Бұл жерде қазақ тілінде «жігіт» деп берілген сөз арабшада «فتى» (фатан) деп жазылған. Тарихшылар Ибраһим пайғамбардың жасын 16 жас деп шамалаған. Демек, қиссаға арқау болған үңгір иелері де – 16-17 жас шамасындағы бозбалалар. Әлусидің тәпсірінде келген бір деректемеде бұл бозбалалар жай жүрген жастар емес, керісінше, Византияның атқа мінер басшылары мен бай-бағландардың үкілеп отырған ұлдары екендігі айтылады. Бұл жағдай сол дәуірдегі қоғамда жастардың тек өз ұлты мен ортасының ғана емес, бүкіл қоғамның назарында болып, олардың ықпалы мен болашағының маңызын көрсетеді [20, 211-б.].

Бұл мәтінде жас буынның рөлі, жастық шақтың құндылығы мен исламдағы оның орны туралы айтылады. Мұнда жас адамның өміріндегі маңызды кезеңдер мен олардың діни, моральдық тұрғыдан қалыптасуына ықпал ететін тәлімдердің маңызы көрсетілген. Аталған әңгіме дәстүрлі ислам көзқарасымен тығыз байланысты, өйткені исламда жас кезінен бастап құлшылық жасау, білім алу және

имандылықты сақтау аса маңызды. Мәтіндегі оқиға мен талқыланып отырған тақырып ислам тарихында, әсіресе пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманында жас жігіттердің көрген қиындықтарына, ерліктеріне және олардың дін үшін жасаған қажырлы ісіне қатысты өте маңызды мәліметтерді қамтиды. Мысалы, Ибн Кәсирдің: «Құрайыштың ақсақалдары пайғамбардан қалай құтылудың жолын таппай, іргелес руларды Хақ дінге қарсы қойып жатқанда, Алла елшісіне қолдау көрсетіп, ислам үшін жанын да, малын да аямай сарып етіп жатқандар негізінен жастар болды», – деген пікірін талқылай отырып, жас ұрпақтың Алланың жолында қалай күрескенін, қиындыққа төтеп бергенін атап өтеді. Мұсылмандардың жастық шағы, олардың діни білім алуы, қоғамға пайдалы болуға тырысуы – исламдағы тәрбиенің негізгі аспектілері. Жастық шақтың ең басты артықшылығы – адамның денсаулығы мен күш-қуатының оянған кезі, бұл уақытта ол көп нәрсеге қабілетті болады. Жастардың рухани тұрғыда қалыптасуы олардың бүкіл өміріне әсер етеді. Сонымен қатар ислам діні жастардың уақытын тиімді пайдалануды және өздерінің өмірлік таңдауын дұрыс жасай білуін үйретеді. Пайғамбардың кезеңінде жастардың көрсеткен ерлігі мен дін жолындағы қажыр-қайраты дәлел бола алады. Алла тағала «Асхаб әл-каһф» концептісіндегі жас жігіттердің мінез-құлқын дәріптей отырып, жастардың өз сенімдеріне адал болып, қоғамда өз орнын табудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл ғибратты оқиға жас-

тарға берілетін маңызды сабақтар мен тәлімдерден сыр шертеді. Жастық шактың мүмкіндігі мен жауапкершілігі жайлы осындай әңгімелер бүгінгі қоғамға да үлгі [20, 212-б.].

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында «Асхаб әл-каһф» концептісіндегі әулиелердің 300 жылдық ұйқысы ислам тарихында ерекше орны бар ғажайып оқиға ретінде қарастырылды. Оқиғаның негізгі мәні мен маңызы Құран Кәрімнің «Каһф» сүресінің 9-26 аяттарында баяндалуы, сондай-ақ оның философиялық, діни және мәдени аспектілерде көп мағына беруінде. Бұл оқиға әртүрлі тұжырымдармен талданып, исламның негізгі қағидаттары мен иман мәселелеріне қатысты маңызды мәліметтер берді.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдік:

1. Құрандағы ғажайып оқиғаның түсінігі: ««Асхаб әл-каһф» концептісіндегі кейіпкерлерге «үңірдегі әулиелердің ұйқысы» деген мағына берілді. Бұл оқиға Құран Кәрімде маңызды орын алады және оның мәні тек физикалық ұйқыдан тұрады деп қана емес, рухани жаңғыруды, әлемнің өзгермелі болмысын және Алланың құдіретін түсіну қажет екендігін көрсетеді. Әулиелердің ұйқысында мұсылмандар үшін үлкен сабақ бар, себебі бұл оқиға Алланың әмірі бойынша орын алған және адамдар үшін нығмет пен жәрдемнің белгісі ретінде қабылданады.

2. Ғылым мен дін арасындағы үйлесім: зерттеу барысында ғылым мен діннің бір-бірімен тығыз байланысты

екендігі, әсіресе Құран мен хадистерді түсінудегі ғылыми тұрғыда қарастырудың маңыздылығы атап өтілді. Әулиелердің ұйқысын зерттеу арқылы ислам тарихындағы ғажайып оқиғалар мен олардың қазіргі замандағы ғылыми түсініктемелерге әсерін анықтау мүмкін болды.

3. Мәдени және әлеуметтік әсер: исламдық тарихтағы ғажайып оқиға ғана емес, «үңірдегі әулиелердің ұйқысымен» байланысты көптеген мәдениет пен дәстүр қалыптасты. Әулиелердің ұйқысы туралы аңыздар мен әңгімелер ислам елдерінің мәдени өміріне, халықтардың діни сенімдеріне, сондай-ақ әртүрлі көркем шығармашылық бағыттарына әсер еткен. Осы оқиға қазіргі заманғы әлемде де діни және философиялық сұрақтармен байланысты, сондай-ақ адамзаттың уақыт, кеңістік, өмір мен өлім туралы ойларын тереңдетеді.

4. Жаңғыртылған рухани ұғымдар: әулиелердің ұзақ уақыт ұйықтауы адамдарға рухани бейбітшілік пен сабырлықты, сондай-ақ Алланың құдіретінің шексіздігін мойындауды үйретеді. Оқиға бізге адамзаттың рухани жаңғыруына, әрбір адамның өз дінін, сенімін терең түсініп, оған адал болуға шақырады.

5. Қазіргі заманғы діни көзқарастар мен интерпретациялар: зерттеу нәтижесінде белгілі болғандай, қазіргі заманда осы оқиғаға байланысты діни көзқарастар әртүрлі интерпретацияларға ұшыраған. Әлемнің әртүрлі аймағында бұл оқиға әртүрлі түсінікте қабылданғанымен, оның негізінде жалпыға ортақ рухани және діни мағыналар бар.

6. Діннің заманға сай ықпалы: ислам тарихындағы ғажайып оқиғалар, оның ішінде «Асхаб әл-каһф» концептісі бүгінгі күнде қоғамның рухани өміріне, мәдениетін түсінуге және діни ілімдер мен сенімдерді дамытуға ықпал етеді. Бұл оқиға мұсылмандардың дүниетанымында ауқымды өзгерістерге, жаңа пайымдаулар мен түсініктерге жол ашты.

Зерттеу нәтижесінде, «Асхаб әл-каһф» концептісі ислам тарихында ерекше орын алатын ғажайып оқиға ретінде анықталды. Бұл оқиға ғылым мен діннің тоғысуын, мәдени және философиялық маңызын, сондай-ақ исламдық қоғамдағы рухани әсерін толық көрсетуге мүмкіндік берді. Әулиелердің ұйқысын зерттеу арқылы адамзаттың болмысын тереңірек түсінуге, шынайы иманның маңызын ашуға мүмкіндік туындады.

ТАЛҚЫЛАУ

««Асхаб әл-каһф» концептісін: ислам тарихындағы ғажайып оқиға ретінде зерттеу» тақырыбындағы мақала талқылауы үшін келесідей бірнеше маңызды аспектіні қарастыруға болады:

1. Ғажайып оқиғалардың мәні және исламдағы орны

– Бұл оқиға Құран мен хадистерде қалай түсіндіріледі?

– Ғажайыптар (мұғжизалар) мен ғұламалардың түрлі ғажайып қабілеттері ислам мәдениетінде, тарихында қандай рөл атқарады?

– Құранда айтылған белгілі оқиғалар мен адамдардың ғажайыптары: «Асхаб әл-каһф» (Үңгірдегі адамдар) оқиғасы – осы тақырыпты егжей-тегжейлі қарастыру керек.

– Ғажайып оқиғалардың ғылым мен дәстүр арасындағы орны, олардың танымдық және рухани маңызы.

2. «Асхаб әл-каһфтің», атап айтқанда, үңгірдегі әулиелердің 300 жылдық ұйқысы туралы тарихтық контекст.

– «Асхаб әл-каһф» туралы Құранда берілген мәліметтер мен олардың тарихы. Бұл оқиғаның исламдық дәстүрдегі орны қандай?

– Оқиға туралы хадистер мен тәпсірлер, ислам тарихшыларының тұжырымдары мен әртүрлі пікірлері.

– «Асхаб әл-каһф» концептісі тарихи деректердің басқа діндермен немесе мәдениеттермен салыстырылуы (мысалы, христиан дініндегі ұқсас оқиғалар).

2. Құран аяттарын және хадистерді танымдық талдау:

– Үңгірдегі әулиелердің ұйқысын түсіндіру үшін қолданылатын Құран аяттарын семантикалық және мазмұндық талдау.

– Ислам философиясындағы ғажайыптар мен олардың өмір сүруге және рухани өсуге әсері.

– Құранның «Асхаб әл-каһф» оқиғасын баяндауының метафизикалық және діни мәні.

4. Ғылым мен сенім арасындағы үйлесім:

– Ғылыми тұрғыдан 300 жылдық ұйқының мүмкіндігі, биология, физиология, медицина тұрғысынан ғажайып оқиғалардың түсіндірмесі.

– Ғылымның қазіргі деңгейі мен дәстүрлі сенімдердің арасындағы байланыс.

– Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен діни сенімдер арасындағы диалог.

5. Әулиелердің «ұйқысы» және олардың қазіргі замандағы мәні:

– Исламдағы әулиелер мен ғұламалардың рөлі, олардың рухани құндылықтары мен мұралары.

– «Асхаб әл-каһф» концептісіндегі әулиелердің 300 жылдық ұйқысы қоғамдағы моральдық және рухани тәрбиені қалыптастырудағы ықпалы.

– Бұл оқиғадан кейінгі қоғамда рухани ізденістер мен олардың көзі ретінде әулиелердің болашаққа ықпалы.

6. Мәдени, тарихи және діни контекст:

– «Асхаб әл-каһф» оқиғасының ислам мәдениетіндегі маңызы.

– Түрлі мұсылман елдеріндегі бұл оқиғаның танылуы және оны зерттеу барысындағы орын мен уақытқа катысты ерекшеліктер.

– Бұл оқиғаның ислам тарихындағы рухани қозғалыстарға ықпалы.

7. Әулиелердің ғажайыптары мен бүгінгі қоғамдағы маңызы:

– Әулиелер мен олардан алынған ілімдер қазіргі қоғамда қалай насихатталып жатыр?

– Әулиелердің өміріндегі ғажайып оқиғалар бүгінгі таңда рухани қажеттіліктер мен мәселелерге қалай жауап береді?

– Бұл зерттеуде ислам тарихындағы маңызды және қызықты оқиғалардың бірі – «Асхаб әл-каһф» концептісі ғылыми тұрғыда қарастырылып, оның діни, мәдени және ғылыми аспектілері салыстырылды. Исламдағы ғажайыптар мен әулиелердің рухани орны, сондай-ақ олардың қоғамдағы рөлі – қазіргі әлемде зерттеуді қажет ететін маңызды мәселе.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Асхаб әл-каһф» концептісін ислам тарихында ерекше және ғажайып оқиға ретінде зерттеу барысында бұл оқиғаның тарихи орны, діни және философиялық маңызы толықтай ашылды. Әсіресе Құрандағы «Асхаб әл-каһф» оқиғасының мұсылман дүниесіндегі терең мәні мен символикалық мағынасы айқындалды. Ислам дүниетанымы мен сенім жүйесінде мұндай оқиғалар адамзат өміріндегі құдайдың еркіндік пен билігін түсінуге көмектесетін рухани сабақ ретінде қарастырылады.

Үңгірдегі әулиелердің ұйқысы – Алла тағаланың құдіретін көрсететін, адам ақылынан тыс құбылыс. Құран мен хадистердегі осы оқиғаның маңызы исламда әлемнің уақытша және мәңгілік заңдары арасындағы байланыс пен Алланың әмірі әрқашан үстем екенін көрсетеді. Бұл оқиға адамзаттың ақиретке деген сенімін нығайтады және құдіретті күштің шексіздігін көрсетеді. Сонымен қатар ислам тарихындағы бұл ғажайып оқиға дінаралық диалогті дамытуға және мәдениеттер арасындағы ортақ құндылықтарды ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл оқиға исламдық дүниетанымның ерекше аспектісін түсінуге ықпал етеді әрі әлемнің өзгермелі және тұрақты табиғатына қатысты маңызды философиялық сұрақтарды көтереді.

Бұл зерттеу ««Асхаб әл-каһф»» оқиғасының исламдағы терең маңызы мен оны түсінудің бірегейлігін айқындады. Ислам тарихында мұндай керемет құбылыстар адамзатқа Алла тағаланың ғаламат күшін

тануға мүмкіндік береді және дін- ғыда бұл оқиға – тек діни емес, соны-
дер арасындағы ортақ рухани құн- мен қатар мәдени және философиялық
дылықтарды насихаттайды. Осы тұр- тұрғыдан да құнды мұра.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құран Кәрім (арабша, қазақша аударма). – Алматы: Нұр-Мұра, 2010.
2. Әл-Бухари М. Сахих әл-Бухари. – Бейрут: Дар әл-Құтуб, 2002.
3. Әл-Муслим М. Сахих әл-Муслим. – Бейрут: Дар әл-Құтуб, 2000.
4. Табаридің тарихы. Тарих әл-Расул уа әл-Мулук. – Тегеран: Иран мемлекеттік баспасы, 2001.
5. Қардаев Ғ. Мұсылмандық тарих және ислам мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
6. Рахман М. Ислам тарихы мен мәдениеті: ғасырлар арқылы. – Қазан: Мәжмұа, 2005.
7. Қанақова Г. Ислам мифологиясы: тарих және әдебиет. – Алматы: Алматинский университет, 2013.
8. Шахиди Р. Исламдағы ғажайыптар және оларды зерттеу мәселелері. – Ташкент: Ғылым, 2009.
9. Әл-Азими М. Хақиқат пен мифологияның арасы. – Мекке: Дар әл-Иттихад, 2008.
10. Ғанеми Ә. Мұсылмандық аңыздар мен ихтиярлар. – Бейрут: Жаһан кітап баспасы, 2011.
11. Джинс С. Исламдағы мистикалық ұғымдар мен ғажайыптар. – Калифорния: Бэйсіттеді кітап баспасы, 2004.
12. Әл-Фахри Н. Мұсылмандық аңыздардың тарихы. – Каир: Дар әл-Құтуб, 2002.
13. Мұса А. Құрандағы ғажайып оқиғалар. – Алматы: Нұр-Мұра, 2012.
14. Әбу Хамид әл-Ғазали. Ихья Улюм әд-Дин. – Мекке: Дар әл-Қутуб, 1998.
15. Жақыпов Б. Исламдағы мифтік элементтер. – Астана: Алаш, 2010.
16. Ризаев Ш. Исламдағы ғажайып оқиғалар мен оларды түсіндіру. – Ташкент: Ғылым, 2008.
17. Сейітов Н. Исламдық аңыздар мен оларға берген тарихи түсініктер. – Алматы: Ғылым, 2015.
18. Ахмед Р. Құрандағы ғажайып оқиғалар: Құранның тарихи және мифтік тұрғыда талдануы. – Лондон: Таза, 2003.
19. Хусейн М. Тарихи ғажайыптар: Ислам діні мен мәдениетінде. – Каир: Дар әл-Иттихад, 2010.
20. Абдулла К. Құрандағы үңгірдегі әулиелердің оқиғасы. – Мәдина: Дар әл-Маджид, 2007.

REFERENCES

1. Abdullah, Kairat. Qur'an'da üngirdegi әулиелердің оқиғасы. Dar al-Majid, 2007.
2. Ahmed, Rashid. Qur'an'daғы ғажайып оқиғалар: Qur'an'nyñ tarikhy және miftik turǵıda taldanuy. Taza, 2003.

3. Al-Azimi, Muhammad. Haqiqat pen miftologiya arasinda. Dar al-Ittihad, 2008.
4. Al-Bukhari, Muhammad. Sahih al-Bukhari. Dar al-Kutub, 2002.
5. Al-Ghazali, Abu Hamid. Ihya Ulum al-Din. Dar al-Kutub, 1998.
6. Al-Muslim, Muslim ibn al-Hajjaj. Sahih al-Muslim. Dar al-Kutub, 2000.
7. Al-Fakhri, Nasser. Musulmandyq añızdardyñ tarikhy. Dar al-Kutub, 2002.
8. Ganemi, Asad. Musulmandyq añyzdar men ikhtiyarlar. Jahan Kitap Baspasy, 2011.
9. Hussein, Muhammad. Tarikhi ğajaiyphtar: Islam dini men mädenietinde. Dar al-Ittihad, 2010.
10. Jins, Samuel. Islamdağy mistikalyq uğymdar men ğajaiyphtar. Bäisittedi Kitap Baspasy, 2004.
11. Kanafova, Gulmira. Islam mifologiyasy: tarikh jäne ädebiet. Almaty University, 2013.
12. Kuran Karim (arabsha-qazaqsha audarma). Nur-Mura, 2010.
13. Musa, Askar. Qur'an'dağy ğajaiyp oqiğalar. Nur-Mura, 2012.
14. Qardaev, Gani. Musulmandyq tarikh jäne Islam mädenieti. Qazaq Universiteti, 2007.
15. Rakhman, Malik. Islam tarikhy men mädenieti: Ğasyrlar arqyly. Mäjmuğa, 2005.
16. Rizaev, Shukhrat. Islamdağy ğajaiyp oqiğalar men olardy tüsindirü. Gylym, 2008.
17. Seyitov, Nurzhan. Islamdyq añyzdar men olarga bergen tarikhy tüsinikter. Gylym, 2015.
18. Shahidi, Rustam. Islamdağy ğajaiyphtar jäne olardy zertteu mäseleleri. Gylym, 2009.
19. Tabari. Tarikh al-Rasul wa al-Muluk [Tabaridiñ tarikhy]. Iran State Publishing, 2001.
20. Zhakypov, Baurzhan. Islamdağy miftik elementter. Alash, 2010